

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ
АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТАРҒА
МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР



Ресми атауы
Қытай Халық Республикасы



Астана
Бейжің



Басқару формасы
Социалистік мемлекет



Ұлттық валюта
Қытай юані



Аумақ
9 598 962 км²

4
Әлемде



Халық саны
1 408 280 000 адам


2
Әлемде

GDP

ЖІӨ (ағымдағы бағамен)
\$ 18,7 трлн


2
Әлемде

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының 2024 жылғы жалпы ішкі өнімі, млрд АҚШ доллары




Экспорт

3,4
трлн \$




Импорт

2,6
трлн \$



Тауар айналымы

6,1
трлн \$



Таза экспорт

768
млрд \$

САЯСИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қытай Халық Республикасы (*бұдан әрі – ҚХР*) – 1982 жылғы 4 желтоқсанда қабылданған **Конституцияға** сәйкес халық өкілдері жиналыстары жүйесі бар халықтық демократиялық диктатура қағидатындағы социалистік мемлекет. Заң шығару билігін **Бүкілқытай халық өкілдері жиналысы** (*бұдан әрі – БХӨЖ*) жүзеге асырады – шамамен **3 000 депутаттан** тұратын, **бес жылға жанама**, көпсатылы сайлау жүйесі арқылы сайланатын бір палаталы парламент.

Мемлекет басшысы – **ҚХР Төрағасы**, ол БХӨЖ тарапынан **бес жыл мерзімге** сайланады. 2018 жылғы түзетулерден кейін **мерзім санына конституциялық шектеу жоқ**. Атқарушы билік **ҚХР Мемлекеттік кеңесіне** (*Үкімет*) тиесілі; оны **Премьер** басқарады және ол Төрағаның ұсынуымен БХӨЖ-де бекітіледі.



Қытай Халық Республикасының Төрағасы **Си Цзиньпин**

2013 жылғы наурыздағы БХӨЖ сессиясының қорытындысы бойынша Си Цзиньпин ҚХР Төрағасы болып сайланды.

2018 жылдың наурызында ол екінші бес жылдық мерзімге қайта сайланды, ал **2023 жылғы 10 наурызда** – үшінші мерзімге.

2018 жылғы конституциялық түзетулерден кейін ҚХР Төрағасы лауазымына қатысты «екі мерзімнен артық емес» **шектеуі алынып тасталды**; Си Цзиньпиннің қазіргі өкілеттігі **2028 жылға дейін** жалғасады.

СЫРТҚЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ



Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – ҰСБ) деректері бойынша, 2025 жылдың алғашқы 6 айындағы сыртқы сауда айналымы **65 958,0 млн АҚШ долларын** құрады, бұл өткен жылдың тиісінше кезеңімен салыстырғанда **2,1 млрд долларға** немесе **3,1%-ға аз**.

Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы **14,9 млрд АҚШ долларына** жетіп, Қазақстанның жалпы сауда айналымының **22,6%-ын** құрады. 2024 жылдың алты айымен салыстырғанда екіжақты сауда **837,1 млн долларға (+5,9%) өсті**, өсім негізінен импорт есебінен қалыптасты.

Екіжақты сауда құрылымында экспорттың үлесі 44,0%, импорттың үлесі 56,0%. Басқаша айтқанда, Қазақстан Қытайдан **сатып алатын тауар көлемі сататынынан көп**.

ҰСБ деректеріне сәйкес, Қытайға Қазақстан экспорты ТН ВЭД-тің 4 таңбалы деңгейі бойынша **257 тауар позициясынан** тұрады; солардың алғашқы бесеуі жалпы экспорттың **68,7%-ын** құрайды. Импорт неғұрлым әртараптанған – **953 тауар позициясынан** тұрады.

№	ТН ВЭД коды	Атауы	млн \$	Үлес
1		Қытайға экспорт	6 566,6	100%
2	2603	Мыс кендері	1 417,0	21,6%
3	2709	Шикі мұнай	952,0	14,5%
4	7403	Мыс	920,7	14,0%
5	2844	Радиоактивті хим. элементтер	733,5	11,2%
6	7202	Ферроқорытпалар	489,2	7,4%

№	ТН ВЭД коды	Атауы	млн \$	Үлес
1		Қытайдан импорт	8 343,0	100%
2	8703	Жеңіл автомобильдер	654,0	7,8%
3	8471	Есептеуіш машиналар	368,8	4,4%
4	8502	Электргенераторлық қондырғылар	304,0	3,6%
5	8517	Телефон аппараттары	272,3	3,3%
6	8429	Бульдозерлер	243,0	2,9%

ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР



Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің (бұдан әрі – ҰБ) деректері бойынша, 2025 жылдың I тоқсанында тікелей шетелдік инвестициялардың (бұдан әрі – ТШИ) жалпы келуі **6 583,7 млн АҚШ долларын** құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **382,8 млн долларға (+6,2%) көп**.

Осының ішінде Қытайдан Қазақстанға түскен ТШИ **814,9 млн АҚШ долларын** құрап, Қазақстандағы жалпы ТШИ көлемінің **12,4%-ын** иеленді. Соңғы 10 жылда Қытайдан Қазақстанға келген ТШИ көлемі **14 544,9 млн АҚШ долларын** құрап, Қазақстандағы жалпы ТШИ-дің **6,5%-ына** тең.

ҰБ деректеріне сай, 2025 жылдың I тоқсанында Қазақстаннан тікелей инвестициялардың жалпы кетуі **1 424,1 млн АҚШ долларын** құрады, бұл бір жылда **920,9 млн долларға (+183,0%) көп**.

Қазақстаннан Қытайға кеткен жалпы инвестиция **10,4 млн АҚШ доллары**, яғни Қазақстанның жалпы сыртқа бағытталған инвестициясының **0,7%-ы**. Соңғы 10 жылда Қазақстаннан Қытайға кеткен инвестиция **540,1 млн АҚШ долларын** құрап, Қазақстанның жалпы инвестиция кетуінің **1,6%-ын** құрайды.

Осылайша, 2025 жылдың I тоқсанында Қытай тарапынан нетто ТШИ ағымы **804,5 млн АҚШ долларын** құрады. 10 жылдық кесіндіде нетто ТШИ **13 624,0 млн АҚШ долларын** құрайды. Басқаша айтқанда, Қытай тарапы Қазақстан экономикасына Қазақстанның Қытай экономикасына қарағанда әлдеқайда көп инвестиция салып отыр.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ



Маңызды ақпарат. Дисклеймер.

«BCC Invest» АҚ клиенттері үшін тіуекелдер туралы ақпарат
Маңызды ақпарат:

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес. Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеге тиіс. Есептерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес. «BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің алушының нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің сан алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес. Ақпарат алушы қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Ақпарат алушы, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын ақпарат алушы тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет. Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн. Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбас бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде ақпарат алушы алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

«Мүдделер қақтығысы»

«BCC Invest» АҚ брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттардың үлгілік нысандарында жазылғанға ұқсас қызметтерді үшінші тұлғаларға көрсететінін, сондай-ақ өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдайтынын және үшінші тұлғалардың мүдделері мен өз мүдделері үшін бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер мен өзге де операцияларды жүзеге асыратынын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай кәсіптік қызмет түрлерін қоса атқару тәртібімен үшінші тұлғаларға өзге де қызметтер, оның ішінде ақпараттық қызмет, қаржылық кеңес беру, андеррайтинг қызметтерін, облигация ұстаушылардың өкілінің қызметін, активтерді сенімгерлік басқару және маркет-мейкер қызметтерін көрсететінін хабарлаймыз.

Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету барысында «BCC Invest» АҚ мұндай қызметтерді көрсеткені үшін сыйақы алады, бұл «BCC Invest» АҚ пен клиенттің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін.

«BCC Invest» АҚ, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтырса, клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға кеңес бермейді.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.